

**Жиынтық бағалауға арналған
әдістемелік ұсыныстар**

Қазақ тілі
(оқыту қазақ тілінде емес)

3-сынып

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 3-сынып білім алушыларына «Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде емес) пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар бастауыш сыныптың (1-4-сыныптары) «Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде емес) пәні бойынша оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) мен оқу жоспарының негізінде дайындалған.

Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийі мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Тапсырмалар мен рубрикалар ұсыныс түрінде берілген.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу үшін спецификацияда тапсырма үлгілері мен балл қою кестесі ұсынылған. Спецификация стандартталған және оны тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуде басшылыққа алу міндеттелген.

Әдістемелік ұсыныстар бастауыш сынып мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

МАЗМҰНЫ

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	4
«Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	4
«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	7
1-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы	10
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	17
«Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	17
«Сәулет өнері» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	20
2-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы	23
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	30
«Өнер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	30
«Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	33
3-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы	36
4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	42
"Су - тіршілік көзі" ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	42
"Демалу мәдениеті. Мерекелер" ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	45
4-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы	48

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

- Сөйлеу әрекетінің түрлері** Тыңдалым
Айтылым
- Оқу мақсаты** 3.1.3.1* Тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/ мазмұндау
- 3.2.1.1 Берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану
- 3.2.2.1 Берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем)

- Бағалау критерийі** *Білім алушы*
- Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді
 - Тақырыпқа қатысты сөздерді анықтайды және қолданады
 - Тірек сөздерге сүйеніп әңгімелейді

- Ойлау дағдыларының деңгейі** Қолдану

- Орындау уақыты** 20 минут

1-тапсырма
Мәтінді тыңда. Тапсырманы орында.

Қасқыр – күшті, жыртқыш аң. Оның аяқтары ұзын. Түсі сұр, қара болады. Денесі итке ұқсайды. Ол иісті жақсы сезеді.
 Қасқырлар 15-16 жыл өмір сүреді. Қасқырдың баласын «бөлтірік» деп атайды.
 Қасқыр – дала санитары, өйткені олар ауру және әлсіз жануарлармен қоректенеді.

- Қасқырды неліктен «дала санитары» деп атайды?
 А) олардың тұмсығы иісті жақсы сезеді.
 В) олардың тырнақтары өткір болады.
 С) олар ауру жануарлармен қоректенеді.
 D) олар он бес-он алты жыл өмір сүреді.
- Кестедегі сұрақтарға жауап бер. Кестеге тірек сөздерді жаз.

Қасқыр қандай аң?	Қасқырдың түсі қандай?	Қасқыр қай жануарға ұқсайды?	Қасқырдың баласын қалай атайды?

2-тапсырма
Қасқыр туралы әңгімеле. Кестедегі сөздерді қолдан.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді Тақырыпқа қатысты сөздерді анықтайды және қолданады	1	берілген сұрақтың жауабын анықтайды;	1
		мәтіннен сұраққа сәйкес тірек сөздерді анықтайды:	
		1-сұраққа	1
		2-сұраққа	1
		3-сұраққа	1
4-сұраққа	1		
Тірек сөздерге сүйеніп әңгімелейді	2	тақырыпқа сәйкес мәтін құрап айтады;	1
		тірек сөздерді орынды қолданады;	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1
Барлығы			8

«Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді Тақырыпқа қатысты сөздерді анықтайды және қолданады	1	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде және мәтіннен тірек сөздерді анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде/ мәтіннен тірек сөздерді анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді және тірек сөздерді анықтайды. <input type="checkbox"/>
Тірек сөздерге сүйеніп әңгімелейді	2	Берілген тірек сөздердің негізінде мәтін құрап айтуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тақырыпқа сәйкес мәтін құрауда /тірек сөздерді қолдануда/ тілдік нормаларды сақтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Берілген тірек сөздердің негізінде мәтін құрап айтады. <input type="checkbox"/>

«Жаксыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқылым Жазылым
Оқу мақсаты	3.3.3.1* Мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату, баяндау/ сипаттау мәтіндерін анықтау 3.3.2.1 Жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну 3.5.1.2* Өз бетінше шағын мәтіннен көптік/ тәуелдік/ септік/ жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану 3.5.1.5* Үлгі бойынша сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің қолдауымен құрмалас сөйлем құрастыру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің түрлерін ажыратады• Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды• Көптік жалғаулы сөздерді анықтайды• Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Әжей

Біздің үйдің он алтыншы пәтерінде кәрі әжей тұрады. Бірақ ол үйде жалғыз болмайды. Оған мектеп оқушылары келіп тұрады. Қыздар әжейдің бөлмесін жинайды. Ұлдар дүкеннен азық -түлік әкеледі. Әжей балаларға қызық әңгімелер айтады. Олар қызыға тыңдайды.

- Мәтінге сәйкес сөйлемдерді белгіле (✓).

Әжейге мектеп оқушылары келеді.

Әжей балаларға тамақ дайындайды.

Қыздар әжейдің бөлмесін жинайды.

- Бұл қандай мәтін? Белгіле (✓).

сипаттау мәтіні

әңгімелеу мәтіні

пайымдау мәтіні

- Әңгімеден қандай ой түйдің? Жаз.

2-тапсырма

Мәтіннен көптік мағынада тұрған 2 сөз тауып жаз. Бір сөзбен сөйлем құрастыр.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіннің түрлерін ажыратады Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды	1	мәтінге сәйкес сөйлемдерді анықтайды: 1-сөйлем	1
		2-сөйлем	1
		мәтіннің түрін анықтайды; мәтіннің негізгі ойын тұжырымдайды;	1
Көптік жалғаулы сөздерді анықтайды Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды	2	көпше түрдегі сөздерді анықтайды;	1
		көпше түрдегі сөзді қатыстырып сөйлем құрастырады;	1
		сөйлемнің құрылымын сақтайды.	1
		сөйлемді қатесіз жазады.	1
Барлығы			8

«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннің түрлерін ажыратады Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды	1	Мәтіннің түрін және негізгі ойын анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемдерді/ мәтіннің түрін анықтауда/ мәтіннің негізгі ойын тұжырымдауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемдерді табады, мәтіннің түрін және негізгі ойын анықтайды. <input type="checkbox"/>
Көптік жалғаулы сөздерді анықтайды Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды	2	Мәтіннен көпше түрдегі сөздерді тауып, сөйлем құрастыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннен көптік жалғаулы сөздерді анықтауда/ сөйлемнің құрылымын сақтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтіннен көптік жалғаулы сөздерді тауып, сөйлем құрастырады. <input type="checkbox"/>

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3- сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде емес) пәні бойынша бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы), 1-4 сыныптар

3. 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы - 40 минут

Балл саны - 16

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар мәтінді түсінуге, өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін 4 тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма тыңдалым, екінші тапсырма айтылым дағдысын, үшіншісі оқылым дағдысын, төртінші тапсырма жазылым дағдысын тексеруге бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Жанды табиғат Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)	Тыңдалым	3.1.2.1* Баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну 3.1.3.1* Тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
2		Айтылым	3.2.4.1* Жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау 3.2.5.1* Оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
3		Оқылым	3.3.3.1* Мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату, әңгімелеу/ сипаттау мәтіндерін анықтау 3.3.2.1 Жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар тапсырманы орындайды.	1	4
4		Жазылым	3.4.5.2 Дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді емлесін сақтап жазу 3.5.1.5* Үлгі бойынша сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің қолдауымен құрмалас сөйлем құрастыру	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
Барлығы					4	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Қазақ тілі» пәнінен 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

Тапсырма

Тыңдалым

1. Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.

Жаралы құс

Ажар жаралы құсты көріп, үйге алып келді. Жарасына йод жағып, байлап қойды. Құсты қорапқа салды. Алдына жем, су қойды. Бірнеше күннен кейін құс үйдің ішінде ұша бастады. Ажар құсты далаға алып шықты. Құс ұшып кетті. Ажар оған ұзақ қарап тұрды. Ол қуанды.

- Мәтіннің мазмұны бойынша суреттердің ретін көрсет (1,2,3,4,5).



- Сұрақтарға жауап бер. Кестеге тиісті сөздерді жаз.

Ажар үйге қандай құсты алып келді?	Ажар құсты қалай күтті?	Ажар неге қуанды?

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1		1	Кемінде 3 сурет дұрыс белгіленген жағдайда 1 балл қойылады.
	Жаралы құсты/ жаралы	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Жарасына йод жақты/жарасын байлады/жем-су берді/	1	
	Жарасы жазылғаны үшін/ Құстың жарасы жазылғанына қуанды/ құстың ұша алғаны үшін/...	1	
Барлығы		4	

Айтылым

2. Жоспар бойынша тыңдаған мәтіннің мазмұнын айт. Тірек сөздерді пайдалан.

Тірек сөздер: жаралы құс, йод жақты, байлады, ұша бастады, жем, су, жазылды, алысқа ұшып кетті, қуанды

Жоспар:

1. Жаралы құс
2. Ажардың қамқорлығы
3. Қуаныш

- Ажар қандай қыз деп ойлайсың? Неліктен?

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
2	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Ажар ауладан жаралы құс көрді. Оны үйге алып келді. Жараға йод жақты, оны байлады. Содан соң құсқа тамақ берді. Құстың жарасы жазылды. Ажар құсты далаға шығарды. Құс ұшып кетті. Ажар қуанды.	1	Мәтіннің мазмұнын жоспарға сәйкес, жүйелі баяндайды.
		1	Тірек сөздерді орынды қолданады.
		1	Тілдік нормаларды сақтап сөйлейді.
	Ажар-мейірімді қыз. Ол жаралы құсқа көмектесті/Ажар қанаты сынған құсқа жақсылық жасады. Ажар маған ұнайды.	1	Сұраққа сәйкес дәлелді пікір айтады.
Барлығы		4	

Оқылым

3. Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Атасы мен немересі

Саматтың атасы қартайды. Оның аяғы ауырды. Көзі де дұрыс көрмейді.
Самат атасына көмектеседі. Атасын далаға ертіп шығады. Қолына су құяды.
Сүлгісін әпереді. Атасының төсегін салады. Көрпесін жабады.
Атасы немересіне алғыс айтады.

- Кейіпкерлер мен олардың іс-әрекетін сәйкестендір.

Атасы

Далаға ертіп шығады.

Самат

Далада доп ойнайды.

Алғыс айтады.

- Мәтін қай жанрда жазылған? Белгіле (✓).

мақал-мәтел

бата

әңгіме

тұрмыс-салт жырлары

- Мәтіннің негізгі ойына сәйкес болатын сөзді анықта.

әдептілік

қамқорлық

адалдық

мейірімділік

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
3		1	Әр дұрыс сәйкестікке 1балл қойылады.
		1	
	әңгіме	1	
	қамқорлық	1	
Барлығы		4	

Жазылым

4. Сөздерге «ы», «і» әріптерінің тиістісін қосып, сөзді өзгертіп жаз.

Аяқ - _____

Төсек - _____

- Кез келген сөзбен бір сөйлем құрастырып жаз.

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
4	аяғы	1	
	төсегі	1	
	<i>Білім алушының ықтимал жауаптары:</i> Саматтың атасының аяғы ауырады/ Үстелдің төрт аяғы бар/ Менің төсегім үлкен...	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы сөйлемдер қабылданады. Сөйлемнің құрылымын сақтайды.
		1	Сөйлемдегі сөздерді қатесіз жазады .
Барлығы		4	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР «Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Тыңдалым Айтылым
Оқу мақсаты	3.1.2.1 Баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну 3.2.2.1 Берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем)
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Шағын мәтіндегі сөйлемдердің мазмұнын анықтайды• Тірек сөздерге сүйеніп әңгімелейді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.

Менің атым – Айдар. Жасым сегізде. Мен үшінші сыныпта оқимын. Уақытты дұрыс пайдалану үшін күн тәртібінің кестесін жасадым. Таңертең сағат 7-де тұрамын. Төсегімді жинаймын. Беті-қолымды жуып, таңғы асымды ішемін. Киініп, мектепке барамын. Мен бірінші аусымда оқимын. Сағат 8-де сабақ басталады. Үйге келіп, түскі асымды ішемін. Біраз демаламын. Далаға шығып, серуендеймін. Үй тапсырмасын орындаймын. Бос уақытымда теледидар көремін. Ұйықтар алдыңда кітап оқимын. Сағат 10-да ұйықтаймын.

- Мәтінге сәйкес екі сөйлемді белгіле (✓).

Ол үшінші сыныпта оқиды.

Ол бос уақытында киноға барады.

Ол өзінің уақыт кестесін жасады.

- Сұрақтарға қысқаша жауап жаз.
 - 1) Айдар таңертең сағат нешеде тұрады? _____
 - 2) Ол кешке сағат нешеде ұйықтайды? _____

2-тапсырма

Уақыт кестесін құрудың қандай пайдасы бар? Тірек сөздерге сүйеніп, әңгімеле.

Тірек сөздер:

Күн тәртібін сақтау, бос уақыт, уақытты дұрыс пайдалану, уақытты дұрыс бөлу, жұмыс пен демалысты реттеу, уақытты босқа өткізбеу.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Шағын мәтіндегі сөйлемдердің мазмұнын анықтайды	1	мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді анықтайды; 1-сөйлем 2-сөйлем	1 1
		мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді: 1-сұрақ 2-сұрақ	1 1
Тірек сөздерге сүйеніп әңгімелейді	2	тақырыпқа сәйкес ойын айтады;	1
		тірек сөздерді орынды қолданады;	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1
Барлығы			7

«Уақыт» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика
Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Шағын мәтіндегі сөйлемдердің мазмұнын анықтайды	1	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде, мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде/ мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді анықтайды. <input type="checkbox"/>
Тірек сөздерге сүйеніп әңгімелейді	2	Берілген тірек сөздердің негізінде тақырып бойынша сөйлеуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Берілген тақырып бойынша сөйлеуде/ тірек сөздерді қолдануда/ тілдік нормаларды сақтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тірек сөздерді қолдана отырып, берілген тақырыпқа сәйкес ойын айтады. <input type="checkbox"/>

«Сәулет өнері» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқылым Жазылым
Оқу мақсаты	3.3.4.1* Мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру 3.5.1.1 Мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша/ жазбаша тілде қолдану 3.5.1.5* Үлгі бойынша сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің қолдауымен құрмалас сөйлем құрастыру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді• Заттың сынын білдіретін сөздерді орынды қолданады• Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Мәтінді оқы. Сұрақтарға қысқаша жауап жаз.

Астанадағы «Бәйтерек» монументі 2002 жылы салынған. Оның биіктігі-97 метр. Ғимарат үш бөліктен тұрады. Жоғарғы жағында алтын түсті шар орналасқан. Аңыз бойынша ол самұрық құстың жұмыртқасы деп саналады. Бәйтерек «өмір ағашы» деген мағынаны білдіреді.

«Бәйтерек» монументі - Астана қаласының символы.

- «Бәйтерек» сөзі қандай мағынаны білдіреді? _____
- Ғимарат неше бөліктен тұрады? _____
- Қандай? қай? қашан? қайда? сұрақтарының біреуін қолданып, мәтін бойынша 1 сұрақ құрастырып жаз.

2-тапсырма

Суретке қара. Бөлмені 4-5 сөйлеммен сипаттап жаз.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді	1	мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;	
		1-сұрақ	1
		2-сұрақ	1
Заттың сынын білдіретін сөздерді орынды қолданады Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды	2	мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырады;	1
		сипаттау сөздерді орынды қолданады;	1
		сөйлемдердің құрылымын сақтайды;	1
		сөйлемдерді қатесіз жазады;	1
Барлығы		бас әріп пен тыныс белгілерін дұрыс қолданады.	1
			7

«Сәулет өнері» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді	1	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастыруда және сұрақтарға жауап беруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастыруда/ мәтін бойынша сұрақтарға жауап беруде қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қояды және сұрақтарға дұрыс жауап береді. <input type="checkbox"/>
Заттың сынын білдіретін сөздерді орынды қолданады Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды	2	Суретті сипаттайтын сөйлемдер құрастырып жазуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Сөйлемдердің құрылымын сақтауда/ сын есімдерді қолдануда/ бас әріп пен тыныс белгілерін қоюда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Суретті сипаттайтын сөйлемдер құрастырып жазады. <input type="checkbox"/>

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде емес) пәні бойынша бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы), 1-4 сыныптар

3. 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы - 40 минут

Балл саны - 16

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар мәтінді түсінуге, өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 4 тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма тыңдалым дағдысын, екіншісі - айтылым, үшіншісі - оқылым, төртіншісі жазылым дағдысын тексеруге бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Ортақ тақырып	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Сәулет өнері Уақыт	Тыңдалым	3.1.2.1* Баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну 3.5.1.1* Мұғалімнің қолдауымен заттың атын/ сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша жазбаша тілде қолдану	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
2		Айтылым	3.2.1.1Берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану 3.2.3.1* Белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
3		Оқылым	3.3.4.1* Мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
4		Жазылым	3.4.3.1 Өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерді қолдану	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
Барлығы					4	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Қазақ тілі» пәнінен 2-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

Тыңдалым

1. Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.

Астанада «Думан» ойын - сауық орталығы бар. Ол 2003 жылы ашылды. Бұл - Қазақстандағы жалғыз мұхитарал. Оған жыл сайын Қызыл теңізден 120 тонна тұз әкеледі. Мұхитарал - үлкен және әдемі кешен. «Думанда» 3 үлкен көрме және 31 аквариум бар.

Бүгін жексенбі. Біз отбасымызбен «Думанға» бардық. Кассада билет алып, ішіне кірдік. Онда акулалар, неше түрлі балықтар, тасбақалар мен сегізаяқтар бар екен. Біз оларды көріп, тамашаладық.

- Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтыр.

«Думанда»

үш үлкен _____	} бар.
отыз бір _____	
неше түрлі _____	

Керекті сөздер: аквариум, көрме, жануарлар

- «Думанға» жыл сайын қанша тонна тұз әкелінеді? Белгіле (✓).

31

120

3

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	көрме	1	
	аквариум	1	
	жануарлар/...	1	Балықтар/тасбақалар/сегізаяқтар жауаптары да қабылданады.
	120	1	
Барлығы		4	

Айтылым

Жұптық жұмыс

1. «Еліміздің ғимараттары» тақырыбында диалог құрастыр. Сипаттау сөздерін қолдан.

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
2	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> -Қанат, сен еліміздегі қандай ғимараттарды білесің? -Мен Қожа Ахмет Ясауидың кесенесін көрдім. -Ол қайда орналасқан? -Түркістан қаласында - Кесене қандай? - Биік күмбезді, үлкен, әдемі. Бірнеше бөлмеден тұрады.	1	Тақырыпқа сәйкес болатын кез келген диалог қабылданады. Тақырыпқа сәйкес сұрақтар қояды.
		1	Сұрақтарға лайықты жауап береді.
		1	Сипаттау сөздерін қолданады.
		1	Сөйлемдердің құрылымын сақтайды.
Барлығы		4	

Оқылым



2. Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Құмырсқа мен қоңыз бір сыныпта оқиды. Құмырсқа жақсы оқиды. Ал қоңыздың үлгерімі нашар. Бір күні ол құмырсқадан:

- Сен барлық сабақтан жақсы баға аласың? Оның сыры неде? – деп сұрады.
- Оның сыры уақыт кестесінде, - деді құмырсқа.
- Уақыт кестесі деген не? – деп таң қалды қоңыз.
- Ол уақытты дұрыс бөлу - деді құмырсқа.

Қоңыз да өзінің уақыт кестесін жасады. Бірақ оның көп бөлігін ойынға бөлді.

- Құмырсқа неліктен жақсы оқыды? _____
- Әр кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты бір сұрақ құрастырып жаз.

- 1) Өзің құрастырған сұрақтың біреуіне жауап жаз.

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
3	<i>Білім алушының ықтимал жауаптары:</i> Себебі, ол уақытын дұрыс пайдаланады/ Ол уақыт кестесін дұрыс жасаған/Ол әр іске уақытын дұрыс бөледі/	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Құмырсқа қалай оқиды?/Ол уақытын қалай пайдаланады?/...	1	Мәтіннің мазмұнына сәйкес баламалы сұрақтар мен жауаптар қабылданады.
	Қоңыздың күнделігі қандай бағаға толды?/Ол құмырсқадан не туралы сұрады?/Қоңыз уақытын қалай бөлді?/...	1	
	Құмырсқа жақсы оқиды/Ол уақытын дұрыс бөледі/Қоңыздың күнделігі нашар бағаға толды/Ол құмырсқадан жақсы оқуының сырын сұрады/Қоңыз уақытының көбін ойынға арнады/...	1	
Барлығы		4	

Жазылым

3. Берілген сөздерден 3 сөйлем құрап жаз. Тыныс белгілерін қой.

- 1) Ұнайды, жыл, мезгілі, саған, қай.
- 2) Бұл, табиғаты, жердің, тамаша, өте
- 3) Астанада, ғимараттар, көп, әдемі.

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
4	Саған қай жыл мезгілі ұнайды?	1	Сөйлемдердің құрылымын сақтайды.
	Бұл жердің табиғаты өте тамаша!	1	
	Астанада әдемі ғимараттар көп.	1	
	Сөйлемдердің тыныс белгісін дұрыс қояды.	1	Кемінде 2 сөйлемнің тыныс белгісі дұрыс қойылған жағдайда 1 балл қойылады.
Барлығы		4	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР «Өнер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Тыңдалым Айтылым
Оқу мақсаты	3.1.4.1* Тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтау 3.2.1.1 Берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану 3.2.4.1* Жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің тақырыбын және оқиғалар ретін анықтайды• Тақырыпқа қатысты тірек сөздерді анықтайды• Мәтін мазмұнын тірек сөздердің көмегімен баяндайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Орындау уақыты 1-тапсырма Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.	20 минут

Қорқыт ата – ұлы сазгер, қобызшы. Ол туралы аңыздар өте көп. Аңыз бойынша Қорқыт ата судың бетінде отырып, қобызбен күй тартады, бірақ суға батпайды екен. Оның күйін естіген адамдар да, жануарлар да тоқтап тұрады екен. Бір күні Қорқыт ата ұйықтап жатқанда, оны жылан шағып алыпты.

Қазір Қызылорда облысында Қорқыт атаға арналған кесене бар. Одан қобыздың дыбысы естіліп тұрғандай болады.

- Мәтін кім туралы? _____
- Мәтін бойынша сөйлемдердің ретін көрсет (1,2,3).

Қорқыт ата шаршап, ұйықтап кетеді.

Қорқыт ата көп уақыт қобыз тартады.

Қорқыт атаны жылан шағып алады.

2-тапсырма

Мәтінде кездесетін сөздерді қоршап сыз. Осы сөздерді қолданып, Қорқыт ата туралы мәтіннің мазмұнын айт.

Домбыра, күй, әнші, аңыз, су, жаңбыр, кесене, қобызшы

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіннің тақырыбын және оқиғалар ретін анықтайды	1	мәтіннің тақырыбын анықтайды;	1
		мәтін бойынша сөйлемдердің ретін анықтайды;	1
Тақырыпқа қатысты тірек сөздерді анықтайды Мәтін мазмұнын тірек сөздердің көмегімен баяндайды	2	тақырыпқа қатысты сөздерді анықтайды (3-тен кем емес)	1
		мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды;	1
		тірек сөздерді орынды қолданады;	1
		сөйлемнің құрылымын сақтайды;	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1
Барлығы			7

«Өнер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннің тақырыбын және оқиғалар ретін анықтайды	1	Мәтіннің тақырыбын және мәтіндегі оқиғаның ретін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің тақырыбын/ мәтіндегі оқиғаның ретін анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің тақырыбын және оқиғаның ретін дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
Тақырыпқа қатысты тірек сөздерді анықтайды Мәтін мазмұнын тірек сөздердің көмегімен баяндайды	2	Тақырыпқа қатысты сөздерді анықтауда және мәтіннің мазмұнын айтуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тақырыпқа қатысты сөздерді анықтауда/ мәтін мазмұнының жүйесін сақтауда / тілдік нормаларды сақтап сөйлеуде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тақырыпқа қатысты сөздерді анықтайды және мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды. <input type="checkbox"/>

«Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері

Оқылым
Жазылым

Оқу мақсаты

3.3.3.1* Мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату, әңгімелеу/ сипаттау мәтіндерін анықтау
3.3.4.1* Мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру
3.5.1.2* Өз бетінше шағын мәтіннен көптік/ тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мәтіннің түрін және жанрын анықтайды
- Мәтін бойынша сұрақтар қойып, жауап береді
- Жалғауларды орынды қолданады

Ойлау дағдыларының Деңгейі

Білу және түсіну
Қолдану

Орындау уақыты
1-тапсырма

20 минут

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Динаның әкесі шебер домбырашы болған. Дина тоғыз жасынан бастап домбыра тарта бастайды. Бір күні осы ауылға атақты күйші Құрманғазы келеді. Ол Динаның домбыра тартқанын көріп, риза болады. Оған көптеген күйлерді үйретеді. Құрманғазы Динаға өзінің домбырасын сыйлайды.

- Мәтіннің жанрын анықтап, белгіле (✓).

мақал - мәтел

бата

әңгіме

- Бұл мәтіннің қай түріне жатады?

сипаттау

әңгімелеу

пайымдау

- Мәтін бойынша 1 сұрақ құрастырып жаз.
-

2-тапсырма

Қарамен жазылған сөздерге қосымшалардың дұрысын жалғап жаз.

Шоқан әкесімен Потаниннің үй (-іне, -іге) келді. Оның Шоқанмен жасты ұлы бар екен. Аты - Григорий. Олар тез достасып кет (-тім, -ті). Григорий Шоқан (-ға, ды) орысша үйретті. Ол Шоқанның зеректігіне таң қалды.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіннің түрін және жанрын анықтайды Мәтін бойынша сұрақтар қойып, жауап береді	1	мәтіннің жанрын анықтайды;	1
		мәтіннің түрін ажыратады;	1
		мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қояды;	1
		сұраулы сөйлемнің құрылымы мен тыныс белгісін сақтайды;	1
Жалғауларды орынды қолданады	2	тәуелдік жалғауын орынды қолданады;	1
		жіктік жалғауын дұрыс қолданады;	1
		септік жалғауын дұрыс қолданады.	1
Барлығы			7

«Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннің түрін және жанрын анықтайды Мәтін бойынша сұрақтар қойып, жауап береді	1	Мәтіннің түрі мен жанрын анықтауда, мәтін бойынша сұрақ қоюда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің түрін/ жанрын анықтауда, мәтін бойынша сұрақ қоюда/сұраулы сөйлемнің құрылымы мен тыныс белгісін сақтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің түрі мен жанрын анықтайды, мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырады. <input type="checkbox"/>
Жалғауларды орынды қолданады	2	Тәуелдік, септік, жіктік жалғауларын қолдануда қиналады. <input type="checkbox"/>	Тәуелдік/ септік/жіктік жалғауларын қолдануда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тәуелдік, септік, жіктік жалғауларын орынды қолданады. <input type="checkbox"/>

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілді емес сыныптары үшін) пәні бойынша бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы), 1-4 сыныптар

3. 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы - 40 минут

Балл саны – 16

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар мәтінді түсінуге, өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 4 тапсырмадан тұрады. Бірінші тапсырма тыңдалым дағдысын, екіншісі - айтылым, үшіншісі - оқылым, төртінші тапсырма жазылым дағдысын тексеруге бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Ортақ тақырып	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Атақты тұлғалар Өнер	Тыңдалым	3.1.2.1* Баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар тапсырманы орындайды.	1	4
2		Айтылым	3.2.1.1 Берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану 3.2.3.1* Белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
3		Оқылым	3.3.3.1* Мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату, баяндау/ сипаттау мәтіндерін анықтау 3.3.4.1* Мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
4		Жазылым	3.4.2.1* Оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
Барлығы					4	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Қазақ тілі» пәнінен 3-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

Тыңдалым

Тапсырма

1. Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.

Айтуар – ағаш шебері. Оның түрлі құралдары бар. Ол ағаштан кебеже жасады. Кебеже әдемі болып шықты.

Кебеженің ішіне кепкен ет, құрт, май, ірімшік салып қояды. Кебежеге салған тамақ бұзылмайды.

- Мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін 4 сөйлемді белгіле (✓).

Айтуар ағаштан кебеже жасады.

Айтуардың құрал-саймандары жоқ.

Кебежеге салынған тамақ бұзылмайды.

Кебеже әдемі болып шықты.

Кебеженің ішіне тамақ салады.

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Айтуар ағаштан кебеже жасады.	1	Әр дұрыс белгілеуге 1 балл қойылады.
	Кебежеге салынған тамақ бұзылмайды.	1	
	Кебеже әдемі болып шықты.	1	
	Кебеженің ішіне тамақ салады.	1	
Барлығы		4	

Айтылым

Жұптық жұмыс

1. «Музыкалық аспаптар» тақырыбында диалог құрастыр. Тірек сөздерді қолдан.

Тірек сөздер: домбыра, қобыз, сазсырнай, баян, бубен, ішекті аспаптар, үрмелі аспаптар, ұлттық аспап, саз балшықтан, ағаштан, ән, күй, концерт, музыка.

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
2	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> - Анар, мынау қандай аспап? - Бұл – домбыра . - Домбыра қандай аспап? - Ол қазақ халқының ұлттық аспабы. Домбыра ішекті аспаптарға жатады. - Оны қалай ойнайды? - Домбыраны шертіп ойнайды.	1	Тақырыпқа сәйкес болатын баламалы диалог қабылданады. Тақырыпқа сәйкес сұрақтар қояды.
		1	Сұрақтарға лайықты жауап береді.
		1	Сөйлемдердің құрылымын сақтайды
		1	Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.
Барлығы		4	

Оқылым

1. Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Бүгін жексенбі, демалыс күн. Самал радиодан ән тыңдап отыр. Роза Рымбаева концерт беріп жатыр. Қазір Роза ән салып тұр. Розаны халық ұнатады. Ол – атақты әнші. Самал Розаның әнін үнемі тыңдайды. Ол Розаны жақсы көреді.

- Іс-әрекеті бойынша мәтіннің кейіпкерлерін анықта. Кейіпкердің атын жаз.

Ол ән салып тұр.

Ол ән тыңдап отыр.

- Мәтіннің мазмұны бойынша 1 сұрақ құрастыр.

- Мәтін қай жанрда жазылған? _____

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Роза/Роза Рымбаева	1	Мәтіннің мазмұны бойынша баламалы сұрақтар қабылданады.
	Самал	1	
	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Бүгін қай күн?/Самал не істеп отыр?/Кімнің концерті болып жатыр?/Роза Рымбаева кім?/...	1	
	әңгіме	1	
Барлығы		4	

Жазылым

1. Оқыған мәтіннің мазмұнын жаз. Тірек сөздерді қолдан.

Тірек сөздер: демалыс, радио, ән тыңдау, Роза Рымбаева, концерт, ұнату, атақты әнші, жақсы көру.

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
4	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Бүгін демалыс. Самал радио тыңдап отыр. Роза Рымбаеваның концерті болып жатыр. Ол –атақты әнші. Самал Розаны жақсы көреді. Оның әндерін үнемі тыңдап жүреді.	1	Мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтай отырып, мазмұнын жүйелі жазады.
		1	Сөйлемдердің құрылымын сақтайды.
		1	Тірек сөздерді орынды қолданады.
		1	Орфографиялық нормаларды сақтайды (3 қатеден артық емес).
Барлығы		4	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР «Су - тіршілік көзі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Тыңдалым Айтылым
Оқу мақсаты	3.1.2.1* Баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну 3.2.4.1* Жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау 3.2.5.1* Оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Шағын мәтіндегі сөйлемдердің мағынасын ажыратады• Мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды• Мәтіннің мазмұнына қатысты пікірін білдіреді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Мәтінді тыңда. Тапсырманы орында.

Аулада құмыра тұр. Оның ішінде суы бар. Аулаға қара қарға келіп қонды. Қарғаның су ішкісі келді. Құмыра биік. Қарғаның тұмсығы құмырадағы суға жетпеді. Ол жерде жатқан тасты көрді. Қарға тасты құмыраның ішіне салды. Құмырадағы су көтерілді. Қарға су ішті.

- Берілген сөйлемдерге сәйкес суретті тауып, ретін көрсет (1,2, 3).

1) Аулада суы бар құмыра тұр.


2) Қарға құмыраға тас салды.

3) Құмырадағы су көтерілді.









2-тапсырма

Суреттерді пайдаланып, мәтіннің мазмұнын айт.

Мәтін саған ұнады ма? Неліктен?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Шағын мәтіндегі сөйлемдердің мағынасын ажыратады	1	бірінші сөйлемге сәйкес суретті анықтайды;	1
		екінші сөйлемге сәйкес суретті анықтайды;	1
		үшінші сөйлемге сәйкес суретті анықтайды;	1
Мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды Мәтіннің мазмұнына қатысты пікірін білдіреді	2	суретті жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды;	1
		сөйлемдердің құрылымын сақтайды;	1
		тілдік нормаларды сақтап сөйлейді;	1
		сұраққа сәйкес дәлелді пікір айтады.	1
Барлығы			7

«Су - тіршілік көзі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Шағын мәтіндегі сөйлемдердің мағынасын ажыратады	1	Мәтін бойынша берілген сөйлемдерге сәйкес суреттерді анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтін бойынша берілген сөйлемдерге сәйкес суреттерді анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтін бойынша берілген сөйлемдерге сәйкес суреттерді анықтайды. <input type="checkbox"/>
Мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды Мәтіннің мазмұнына қатысты пікірін білдіреді	2	Мәтінді мазмұндауда және мәтінге қатысты көзқарасын айтуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіндегі оқиганың жүйесін сақтауда/тілдік нормаларды сақтап сөйлеуде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тілдік нормаларды сақтай отырып, мәтінді жүйелі мазмұндайды және мәтіннің мазмұнына қатысты көзқарасын білдіреді. <input type="checkbox"/>

«Демалу мәдениеті. Мерекелер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқылым
Оқу мақсаты	Жазылым
	3.3.4.1* Мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру
	3.5.1.3* Мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі етістіктің шак, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану
	3.5.1.5* Үлгі бойынша сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің қолдауымен құрмалас сөйлем құрастыру

Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i>
	<ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді• Сөйлеу және жазу барысында қалау райлы етістіктерді қолданады• Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
-----------------------------------	---------

Орындау уақыты	20 минут
-----------------------	----------

1-тапсырма

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Бүгін менің туған күнім. Мен тоғыз жасқа толдым. Үйге менің достарым келді. Анам оларға кең дастарқан жайды. Оған дәмді тағамдар қойды. Менің достарыма бауырсақ пен шырын өте ұнады. Достарым маған сыйлық берді. Марат қонжық әкелді. Алуа гүл сыйлады. Мен достарыма рақмет айттым.

- Мәтін бойынша кестені толтыр.

Кейіпкерлер	Іс-әрекеті (не істеді?)
Анасы	
Достары	

- Қандай? қашан? қайда? сұрақтарының біреуін пайдаланып, мәтін бойынша 1 сұрақ құрастыр.

2-тапсырма

-ғы/-гі + келеді формасын қолданып, сұрақтарға жауап жаз.

- 1) Сен туған күніне кімдерді шақырғың келеді?
- 2) Қандай сыйлықтар алғың келеді?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді	1	мәтін мазмұны бойынша бірінші кейіпкердің іс-әрекетін анықтайды;	1
		екінші кейіпкердің іс-әрекетін анықтайды;	1
		мәтіннің мазмұнына бойынша сұрақ құрастырады;	1
Сөйлеу және жазу барысында қалау райлы етістіктерді қолданады Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды	2	сөйлем құрылымын сақтай отырып, сұрақтарға жауап жазады:	
		1-сұраққа	1
		2-сұраққа	1
		қалау райлы етістікті дұрыс қолданады;	1
		сөйлемдерді қатесіз жазады.	1
Барлығы			7

«Демалу мәдениеті. Мерекелер» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап береді	1	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастыруда және жауап беруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастыруда/сұрақтарға жауап беруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қояды және сұрақтарға дұрыс жауап береді. <input type="checkbox"/>
Сөйлеу және жазу барысында қалау райлы етістіктерді қолданады Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды	2	Қалау райлы етістіктерді қолданып сөйлем құрастыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Қалау райлы етістікті қолдануда/ сөйлем құрылымын сақтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Қалау райлы етістіктерді қолдана отырып, сөйлем құрастырып жазады. <input type="checkbox"/>

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 3-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілді емес сыныптары үшін) пәні бойынша бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы), 1-4 сыныптар

3. 4-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы - 40 минут

Балл саны – 16

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар мәтінді түсінуге, өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 4 тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма тыңдалым дағдысын, екіншісі – айтылым, үшіншісі – оқылым, төртінші тапсырма жазылым дағдысын тексеруге бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Демалу мәдениеті. Мерекелер Су - тіршілік көзі	Тыңдалым	3.1.2.1* Баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар тапсырманы орындайды.	1	4
2		Айтылым	3.2.2.1 Берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем)	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
3		Оқылым	3.3.4.1* Мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру 3.3.2.1 Жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
4		Жазылым	3.5.1.1* Мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша/жазбаша сөйлеу тілінде қолдану	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
Барлығы					4	16

4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі

«Қазақ тілі» пәнінен 4-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

Тыңдалым

Тапсырма

1. Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.

22-наурыз – жыл басы, жаңа жыл мерекесі болып саналады. Адамдар бұл мерекені асыға күтеді. Бұл күні адамдар таза, жаңа киім киеді. Бір-бірін мерекемен құттықтайды. Әр үйде дастарқан жайылады. Жеті түрлі тағам қосылған наурыз көже пісіреді. Үлкен кісілер бата береді. Наурыз тойы өте қызықты өтеді. Адамдар ән айтып, би билейді. Ұлттық ойындар ойнайды. Балалар алтыбақан тебеді. Маған Наурыз мерекесі ұнайды.

- Мәтін не туралы? _____
- Мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін үш сөйлемді белгіле (✓).

Наурыз мерекесінде үлкен кісілер бата береді.

Наурыз күні әр үйде мол дастарқан жайылады.

Наурыз көжеге жиырма екі түрлі тағам қосылады.

Наурыз мерекесінде ұлттық ойындар ойналады.

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Наурыз мерекесі туралы/Наурыз туралы/Наурыз	1	
2	<div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; margin-bottom: 5px;"> Наурыз мерекесінде үлкен кісілер бата береді. <input checked="" type="checkbox"/> </div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; margin-bottom: 5px;"> Наурыз күні әр үйде мол дастарқан жайылады. <input checked="" type="checkbox"/> </div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; margin-bottom: 5px;"> Наурыз көжеге жиырма екі түрлі тағам қосылады. <input type="checkbox"/> </div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px;"> Наурыз мерекесінде ұлттық ойындар ойналады. <input checked="" type="checkbox"/> </div>	3	Әр дұрыс белгілеуге 1 балл қойылады.
Барлығы		4	

Айтылым

1. Тірек сөздерді пайдаланып, «Наурыз мерекесі» тақырыбында сөйле.

Тірек сөздер: Наурыз мейрамы, көктем, жыл басы, күн мен түн теңеледі, наурыз көже, жеті түрлі тағам, той, дастарқан жаю, қонаққа бару, ұлттық киім, ойындар, алтыбақан.

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
2	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Наурыз –жыл басы, жаңа жыл мерекесі. Наурыз – көктем мерекесі. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Наурыз көже пісіреді. Оған жеті түрлі тағам қосады. Үлкен той болады. Адамдар ұлттық киімдер киеді. Түрлі ойындар ойнайды.	1	Тақырыпқа қатысты мәтін құрастырады.
		1	Тірек сөздерді орынды колданады.
		1	Сөйлемнің құрылымын сақтайды.
		1	Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.
Барлығы		4	

Оқылым

2. Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Бір күні хан балаларына әлемдегі ең ғажайып затты тауып әкелуді тапсырады. Ханның үлкен ұлы бір кесек алтын әкеледі. Екіншісі қымбат тастарды алып келеді. Ал ең кіші ұлы бір құмыра су әкеледі. Ағалары оған күледі. Сонда ол:

- Мен бір жұтым су үшін барлық алтынын, бағалы тастарын берген адамды көрдім. Жаңбырдан кейін құлпыра өскен гүлдер мен ағаштарды көрдім. Мен судың әлемдегі ең ғажайып зат екенін осыдан түсіндім, - дейді.

Хан кіші баласына риза болып, батасын береді.

- Хан балаларына қандай тапсырма берді? _____

- Ханның кіші ұлы не алып келді? Белгіле (✓).

бағалы тастар

бір құмыра су

бір кесек алтын

- Мәтін бойынша 1 сұрақ құрастырып жаз.

- Мәтіннің негізгі ойына сәйкес келетін мақалды анықта.

Арық қазбасаң су келмейді.

Су бар жерде байлық бар.

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
3	Өлемдегі ең ғажайып затты тауып әкелуді тапсырды/ең керемет затты әкелуді/ ең ғажайып затты табуды/ ...	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Бір құмыра су	1	
	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Ханның үлкен баласы не алып келді?/ Ханның екінші ұлы қандай зат әкелді?/Ағалары неге күлді?/ Ол судың ғажайып зат екенін қалай білді?/Хан кіші ұлына неліктен риза болды?/...	1	Мәтіннің мазмұнына сәйкес баламалы сұрақтар қабылданады.
	Су бар жерде байлық бар.	1	
Барлығы		4	

Жазылым

- 1. Мәтіннен кестедегі сұрақтарға жауап беретін сөздерді тап. Кестенің әр бөлігіне 1 сөзден жаз.**

Көктем келді. Арықтардан су ақты. Балалар қағаздан кішкентай қайық жасады. Қайықты суға жіберді. Қайық жүзіп кетті. Балалар қайықтың соңынан жүгірді.

Кім?	Не?	Қандай?	Не істеді?

[4]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
4	балалар	1	
	көктем/су/қайық/	1	
	кішкентай	1	
	келді/ақты/жасады/жіберді/жүзіп кетті /жүгірді	1	
Барлығы		4	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.